

Қарасу ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 275 шешімі. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 қарашада № 9-13-140 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарасу ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары А.Ғ. Қисиковқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

Қарасу ауданы

әкімдігінің

қаржы бөлімі

мемлекеттік

мекемесінің бастығы

_____ И. Горлова

Әкімдіктің

2011 жылғы 25 қазандағы

№ 275 қаулысымен бекітілген

Қарасу ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесі

Рет-тік саны	Объектінің атауы	Объектінің мекенжайы және баланс ұстаушысы	Негізі	Объектінің жағдайы
		Қарасу ауылы, А.Исақов	"Қарасу ауданы әкімдігінің	

1	"BA3 21213" автомашинасы, P 582 BC мемлекеттік нөмірі, 2000 жылы шығарылған	көшесі, 66, "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі	кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының 2010 жылғы 12 қарашадағы № 703 өтініші	Техникалық бұзылған
---	---	--	---	------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК